

Ата – аналармен өткізілетін

2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: Ата-аналармен сенімді қарым-қатынас құру. Жанұя мен бөбекжайдағы ата-аналардың тәрбиелеу белсенділігін барынша дамыту және балаларды жан-жақты дамытып, тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға жәрдемдесу.

Қ/с	Іс – шаралар тақырыбы	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауапты
1	1.Ата-аналарды балабақша күн тәртібімен таныстыру. 2.Ата-аналармен келісім шартқа отыру, келісім шарттың міндеттерімен танысу. 3. Ата – аналар комитетін сайлау. 4. «Еркем-ай» кіші тобының Психофизиологиялық ерекшеліктері. 5.«Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел	Топтық ата-аналар жиналысы	Қыркүйек	Ж.Бижанова Психолог Г.Абдулаева
2	1.Балабақша мен ата-аналар ықпалдастығын арттыру 2 Фото стенд «Балабақшада біз не істейміз?»	Фото стенд	Қазан	Ж.Бижанова М.Нұсқабаева
3	1.Оқу-тәрбие жұмысындағы І тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг	Топтық ата-аналар жиналысы	Желтоқсан	Ж.Бижанова М.Нұсқабаева

	2.Жаңа жыл мерекесіне түсіндірме жұмыстар. 3.Ата-аналарға арналған тренингтер			Психолог Г.Абдулаева
4	Әкелер конференциясы		Қаңтар	Психолог Г.Абдулаева
5	1.Оқу-тәрбие жұмысындағы II тоқсанның жетістігі. Мониторинг 2.8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі. 3.22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні 4.«Балаларды қалай жақсы көру керек?», «Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар	Топтық ата-аналар жиналысы	Ақпан	Ж.Бижанова М.Нұсқабаева Психолог Г.Абдулаева
6	«Әже ертегі айтшы ...»	Әжелер ертегісі	Ақпан	Ж.Бижанова М.Нұсқабаева
7	«Балабақша-өз үйім»	Ашық есік күні	Наурыз	Ж.Бижанова М.Нұсқабаева
8	1.Оқу-тәрбие жұмысының III тоқсанындағы жетістік.Мониторинг 2.Жазғы демалысқа дайындық 3.«Гүл шоғы» тренинг	Топтық ата-аналар жиналысы	Мамыр	Ж.Бижанова М.Нұсқабаева Психолог Г.Абдулаева

«Балдырған-бөбекжай» балабақшасы «Еркем-ай» кіші тобында 2023жылы
10-қыркүйегінде топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №1

«Еркем-ай» кіші тобы 10.09.2023ж

Қатысуы тиіс: 15

Қатысқаны: 10

Себептiсi: 5

Күн тәртібінде:

1. Ата –аналарды балабақша күн тәртібімен таныстыру.
2. Ата –аналармен келісім шартқа отыру, келісім шарттың міндеттерімен танысу
3. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау
4. «Еркем-ай» кіші тобының психофизиологиялық ерекшеліктері
5. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

Тыңдалды:

1. Тәрбиеші Ж.Бижанова 2022-2023 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Алдағы уақытта ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жасау мақсатында «Күз сыйы» тақырыбында көрме ұйымдастырылатынын айта келіп, ата-аналардың іс-шараға белсенді қатысуын өтінді

Шешім етті:

1. Ата –аналар бірлесе отырып, жұмыс жасау басты назарға алынсын.

Тыңдалды:

2. Тәрбиеші Ж.Бижанова ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт бала балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енетінін және бір жылға жарамды екенін жеткізді. Келісім шарттың барлық бөліміндегі міндеттерді орындау ата-ана мен балабақшаның міндеті екенін ескере отырып, сондай-ақ әр айдың жарнасын уақытында төлеу міндетті екендігін жеткізді. Сонымен қатар баланы балабақшаға таңғы 8.30 да әкеліп, кешкі 17.30 ға дейін алып кетулерін және баланың тазалығын қарауға, балаға қажетті заттар мен құралдарын жеткізіп беруін ескертті. Сондай-ақ ата-аналар комитетінің атқаратын қызметі жайлы айта келіп, биылғы оқу жылының ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлап алуға ұсыныс білдірді

Жарыс сөз:

Ата ана Абдраманова Меруерт: Ата-аналар комитетінің төрайымына ата-ана Жапенова Айдана, Мүшелері болып Мырзалиева Шаттық, Өмірбаева Айгерім сайлансын деп ұсыныс тастады. Бұл ұсынысты барлық ата-аналар қолдады.

Шешім етті:

2. Ата аналар комитетінің төрайымына ата-ана Жапенова Айдаа, мүшелеріне Мырзалиева Шаттық, Өмірбаева Айгерім сайлансын.

Тындалды:

3. Балабақша психологы Г.Абдуллаева топтағы баланың жасына сай психофизиологиялық ерекшеліктеріне тоқталып өтті.
- 4.Топ тәрбиешісі Ж.Бижанова жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел үстінде «Алғашқы ұстаз-ата-ана» тақырыбында баяндама тыңдай отырып, ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді.Әр ата-ана өз ойын ортаға салды

Шешім етті:

4. Ата-аналармен балабақша бірлесе отырып, бала дамуына жасалған әрбір істің нәтижелі болу басты назарға алынсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



А.Жапенова

М.Абдраманова

2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың психикалық даму ерекшеліктері.

1-3 жасқа дейінгі кезең сәбилік кезең деп аталады. Осы кезде баланың психикасы да, денесі де ерекше қарқынмен дамиды, бала өмірінің алғашқы жылында өзінің денесінің мөлшері ғана емес органикалық саналы өзгешеліктерімен, сондай-ақ мінез құлықтарымен де ерекшеленеді.

Бұл кезеңде баланың басы біршама үлкен, кеудесі ұзын, аяғы қысқа болады. Осы кезде бұлшық еттері де баяу дамиды. Сүйегінің көптеген бөлігі әлі шеміршек болады, кейінірек сүйекке айналады. Бала өмірінің алғашқы жылында жүрегі жылдам соғады, жүрегінің жиырылу көлемі де шамалы болады.

Қан тамыры белгілі бір ырғақпен соқпайды. Бала кеуде клеткасының кең болуына байланысты, олар үлкендерден үш есе жылдам дем алады. Осы кезде бала организмі ерекше қарқынмен дамиды. Бірақ бұлшық еттері баяу жетіледі. Сондықтан үлкендерге караганда ас қорыту жүйесі организмінің жұмысы әлсіз болады.

Бала өмірінің алғашқы жылында көбіне сұйық тамақпен тамақтандырылады.

Алғашқы жылы туғандағымен салыстырғанда бойы 1,5 салмағы 3 есе артады. Екі жасқа келгенде салмағы 200-250 гр қосады

Бойы ай сайын 1 см өсіп отырады.

Сүйек шеміршектері сүйекке айналып, екі жасқа келгенде 20 сүт тісі болады, бұлшық еттері дамиды, тыныс алуы баяулап бірқалыпты ырғаққа келеді

Бір жастың соңында баланың миының салмағы 780-800 гр болады. Осы кезде ай сайын 30 грамнан қосылып отырады. Үш жаста миының салмағы 1100-1200 ге дейін болады. Осыдан кейін мидың салмағы артуы баяулайды, 7 жасқа дейін 1250 гр болады. 8-9 жасқа келгенде 1300гр, 15 жасқа келгенде 1350, 21 жасында мидың салмағы тұрақталады.

Баланың жоғарғы жүйке жүйесі алғашқы жылдары тез дамиды. Балаларды әрдайым таза ауаға шығару маңызды, күннің немесе желдің сәби бетінде сезілуі, бөтен адамдармен кездесуі, жануарлар мен өсімдіктер- бұның бәрі бала дамуына әсер етеді. таза ауада жүргенде төменгі температурадан абай болу керек, күннің қатты сәулесінен қорғау маңызды. Ауа температурасы 7 градустан төмен болса сыртқа шықпаған дұрыс. Әрдайым ауа –райына байланысты киіндірген жөн.

Ал екі жасқа келген балалар өз бетімен жүріп, тұрудың сөйлеу дағдыларын иемденіп негізгі сенсорлық этолондарды меңгереді

Эмоциональды көңіл –күй пайда болады, көздеген мақсатына жеткен кезде қуану, дәміне қарай тамақты таңдау дағдылары қалыптасады. Өзіне жақын адамдарды танып эмоциясын білдіреді

Бұлшық ет жүйесі бекіп, қасықты жұдырықтап ұстай алады.

2-3 жасқа дейінгі балаларда ағзаның барлық жүйелері мен қызметтері қалыптасады.

Бойы 90 см, денесінің салмағы 14-15 кг, кеудесінің көлемі 50-52 см болады.

Екі жас үш айда баланың психикасы мен интеллектінің белсенді дамуы қарқынды түрде жалғасады. Бала әлем туралы көбірек жаңа білім алады, сондай-ақ салыстыруға, талдауға, қорытынды жасауға үйренеді. Бала үшін ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу барлық кезеңде де өте маңызды. Бала өзін бақытты сезіну үшін оған қарым-қатынас қажет. Бұл жаста ойнау тек көңіл көтеру емес, дамудың да алғышарты..

2 жас 3 айлық баланың физиологиясы

Екі жастан кейін бала құрдастарымен – ойын алаңдарында, жақын туыстарымен – шаңырақ астында тығыз қарым-қатынаста болуды қалайды. Сәбидің денсаулығын сақтау және оның иммунитетін қолдау үшін жоспарлы екпелерге қатысты дәрігердің ұсынымдарын орындаңыз – олар баланы қауіпті аурулардың ауыр зардаптарынан сақтандырады. Баланың дене бітімінің қалыпты дамуы маңызды рөл атқарады. Көбінесе балаға жазда шөпте немесе құмда жалаң аяқ жүруге мүмкіндік беріңіз, онымен бірге су ванналарын қабылдаңыз. Таза ауада мүмкіндігінше көп уақыт өткізіңіз. Жазда қалыптастырған мықты Иммунитет жыл бойы зиянын келтірер бактерияларға қарсы тұрады.

2 жас 3 айлық баланың психологиясы

2 жас 3 айлық уақыт өз-өзін дамытып, жаңа дағдыларды қалыптастыру үшін өте қолайлы. Бала өзін еркін сезінуге ұмтылып, ата-анасының көңілінен шығу үшін бәрін дұрыс жасауға тырысады. Егер белгілі бір нәрсені орындау лайықты деңгейде орындалмаса, қамықпаңыз. Мүмкіндігінше баланы еркін ұстап, өз ойын жеткізуге тырыса білетіні үшін мақтаңыз, егер әлдебір нәрсе дұрыс болмаса, ұрыспаңыз, күлмеңіз.

Бала үш жасында оқиғалар арасындағы байланыстарды түсіне бастайды. Қорытынды жасай білу – баланың психологиялық дамуындағы сапалы жаңа кезең. Бұл кезеңде логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ойындар арқылы баланың деңгейіне бақылау жүргізу ұсынылады.

2 жас 3 айлық бала не істей алады:

- тегіс емес, ой-шұқырлары бар жерлері бар жолмен жүру, жолдағы белгілі бір шағын кедергілерден өту;
- 10-15 см биіктіктен секіру;
- допты екі қолмен лақтыру, тіпті кейде жақын қашықтықтан сіз лақтырсаңыз қағып алу;
- үш-төрт сөзден тұратын қысқа сөйлемдермен сөйлеу;
- кеселен өз бетінше іше алу, қасық пен шанышқыны ұстап тамақтану;
- гардеробыңыздан өз бетінше киіне алу;
- тіс жуу;

2 жас 3 айлық баланың ата-аналарына кеңестер

Балаңызбен мүмкіндігінше жиі жұмыс жасаңыз, оны бірлескен түрде болатын іс-шараларға қатыстырыңыз. Тиісінше оны тәуелсіз, ұқыпты және жауапты болуға үйретіңіз. Бұл кезеңдесіз неғұрлым көптеген жаңа дағдылар мен қабілеттерді ашуға күш салсаңыз, балаға алдағы уақытта соғұрлым жеңіл болады. Қазір баланың психикасы пластилинге ұқсайды, одан көп қалып жасап шығаруға болады. Әрине, баламен бұл жаста тығыз, қарқынды түрде жұмыс жасау арқылы сіз болашақта өз күш-жігеріңіздің жемісін көресіз.

«Алғашқы ұстаз-ата-ана»

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты — балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты — тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні — өз ұрпағы.

Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те киын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол — бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз — ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер — жанұяда тәрбие балаға сөзбен, теориямен дамымайды, үлкендердің үлгісімен сінеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы. Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген болашағына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді.

Ата — ана — бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата — аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт

бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-өыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа. Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шешеге үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз.

Негізінен жанұяның шырқы бұзылған, ата-анасы маскүнемдікке салынған немесе жарамдық жағынан азғынданған ортада бала, жасөспірім қашанғы жиренішті көріністі, ондағы айқай-шу мен дау-жанжалға, ұрыс-керіске шыдап жүре бермек. Басқа өмір аңсайды немесе теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйтеректің бір бұтағы қисық өсті дей беріңіз. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен іздейміз?!

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырған аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Иә, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау — ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала — әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

«Балдырған-бөбекжай» балабақшасы «Еркем-ай» кіші тобында 2023жылы
15-желтоқсанда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама №2

«Еркем-ай» кіші тобы 15.12.2023ж

Қатысуы тиіс: 15

Қатысқаны: 12

Себебісі: 3

Күн тәртібінде:

1. Оқу – тәрбие жұмысындағы І-тоқсанның жетістігі мен кемшілігі мониторинг
2. Жаңа жыл мерекесіне дайындық барысы бойынша түсіндірме жұмыстар.
3. Тренинг-сауалнама Психолог Г.Абдуллаева
4. Баяндама: «Қызылша» мейірбике Ұ.Байырбекова

Тыңдалды:

1. Топ тәрбиешісі Ж.Бижанова оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген іс-әрекет барысындағы әр баланың жеткен жетістіктерін айтты. Қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазіргі таңда біршама дәрежеге көтерілгенін айтып өтті.
2. Тәрбиеші М.Нұсқабаева «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбындағы ертеңгіліктің іс-шараларымен, сонымен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға билейтін билерімен, оларға маскарадтық киімдердің керек екендігі жөнінде хабарлама жасады.
- Пікір: Ата-ана Қ.Айдарбекова: Жаңа жылдық мерекенің өз дәрежесінде, балаларға думанды кеш сыйлау үшін маскарадтық киім кигізуге ат салысатындықтарын және ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге сәйкес киетін костюмдерін өздері дайындайтынын жеткізді.
3. Психолог Г.Абдуллаева: «Жаңа жылдың сиқырлы әлемі» тақырыбында ата –аналарға арнайы сауалнама жүргізді, әр ата-ана сауалнамаға өз ойларын білдіріп, ортаға салды.
4. Балабақша мейірбикесі Ұ.Байырбекова қазіргі таңда жүріп жатқан жұкпалы аурудың алдын алу мақсатында «Қызылша» тақырыбында баяндамасы тыңдалып, жұкпалы аурудың таралу жолдары түсіндірілді. Аурудың негізгі белгілері: алдымен адамның қызуы көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті болмай, мұрыннан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызырып қабынатынын және адам ешқашан қызылшамен ауырмаған жағдайда немесе ауруға қарсы екпе салдырмаған болса тез жұғатыны жайлы айтып өтті.

Шешім етті:

1. Бала үлгерімінің нәтижелі болуына ата-ана да өз үлесін қосып, ата-анамен байланыс жұмысы басты назарға алынсын.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі маскарадтық киімдерін ата-аналар ұйымдастыру ата-аналар комитетіне жүктелсін.
3. Топ тазалығы мен кварц күделікті қосып, топ бөлмелерін үнемі желдетіп тұру топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



А.Жапенова

М.Абдраманова

Жаңа жылдың сиқырлы әлемі

Мақсаты: Мұндай сауалнама ата-аналармен тәрбиешілер арасындағы байланыс орнатуға, балалардың мерекеге қатысты көңіл-күйін түсінуге және оларды дамыту үшін қандай шаралар қолдану қажеттігін анықтауға көмектеседі.

Жаңа жылдық сауалнама (ауызша жүргізілді)

1. Сіздің балаңыз Жаңа жылды қалай өткізуді күтеді?
2. Балаңыз Жаңа жылдық мерекеде қандай сыйлық алғысы келеді?
3. Жаңа жылдық мереке кезінде балаңыздың қандай қызығушылықтары ерекше?
4. Балаңыз Жаңа жылдық шараларға қалай дайындалып жатыр?
5. Сіздің ойыңызша, Жаңа жылды отбасыңызбен қалай атап өту қажет?
6. Балаңыз Жаңа жылдық мереке барысында қандай құндылықтарды үйренгенін қалай едіңіз?
7. Жаңа жылдық мереке кезінде балаңыздың көңіл-күйін қалай жақсартуға болады деп ойлайсыз?
8. Балаңызға жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға қатысуға мүмкіндік беру керек деп санайсыз ба?
9. Сіздің отбасыңыз үшін Жаңа жылдағы ең маңызды нәрсе қандай?
10. Жаңа жылды балаңыз үшін ерекше етіп өткізу үшін сіздің ойыңызша қандай қосымша іс-шаралар жасау керек?

Бұл сауалнама ата-аналардан балалардың Жаңа жылға деген көзқарасын және сол мерекеге қатысты олардың ойларын білу үшін жүргізілді. Жауаптарды жинақтау балалардың Жаңа жылды қалай күтетіні мен ата-аналардың мерекені ұйымдастыру бойынша ұсыныстары туралы толық ақпарат береді.

Қызылша

Қызылша- жедел жұқпалы ауру. Негізгі белгілері: науқастың қызуы көтеріліп, теріде қызылшаға тән бөртпелер пайда болып, көзі қызарып, тыныс ағзалары зақымданады.

Этиологиясы. Қызылшаны тудырушы вирус көлемі 120-250 нм (poliоnоsа mоrbіllаrum). Вирус қыздырғанда, күн сәулесінен, залалсыздандыратын химиялық қоспалардан өліп қалады.

Эпидемиологиясы. Ауру тек науқас адамнан жұғады. Оның жасырын кезеңінің екінші күнінен денедегі бөртпелер 4 күн аралығында қатынаста болған адамдарға тыныс алу арқылы ауадан жұғады. Адам ешқашан қызылшамен ауырмаған болса, не егілмеген жағдайда жұқтырады.

Қызылшаның белгілері, өрбуі. Жасырын кезеңі 9-11 күн. Алғашқы белгілері: науқастың қызуы көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болып, көзі қызарып қабынады. Одан жұмсақ және қатқыл тандайда теңбіл бөртпелер пайда болады. Екі ұрттың үстінде қызылғаша тән майда ақшыл бөртпелер кілегей қабығының үстінде ерекшеленіп тұрады. [мұндай белгіні Бельский- Филатов- Коплик бөртпелері дейді.] Сыртқы түріне қарағанда бұл бөртпелер «ұнтақ жарма» түйіршігіне ұқсайды. [Теріде қызылшаның бөртпелері пайда болғанда Бельский – Филатов- Коплик бөртпелері кетіп қалады.] Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі: бірінші күні бөртпе бетке, мойынға, екінші күні денеге, қол, сан терілеріне, үшінші күні балтыр, аяқтарға шығады, ол күні беттегі бөртпелер бозарады. Бөртпелер көлемі 2 мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді., дегенмен әрбір бөртпе арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күннен кейін бөртпелер бозарып, орны қоңырланып, жұқа қабыршақтар қалады. Қызылшаға көздің қызарып, қабынуы, ірің шығып, таңертең кірпіктерді ашудың қиындығы, мойын артында, қолтық бездерінің үлкеюі, ұстағанда ауырсыну тән. Кейде өкпеде сырыл естілуі, кейбір науқастың іші ауырып, аздап өтуі мүмкін.

Қызылша асқынғанда ағзаның орталық жүйке жүйесінің жұмысы зақымдалып, жүйкенің қабынуынан өзгерістер көп болады.

Нақтамалау: аурудың өрбуі кезінде қызылшаны анықтау қиындық туғызбайды. Теріде қызылша бөртпелер шықпай тұрғанда науқастың қызылшамен ауырған ортада болуы, тамағындағы қабыну, көздің қызаруы, ұртта Бельский-Филатов- Коплик ақшыл бөртпелердің нақтама толық дәлелдейді. Басқа ұксас аурулардан ажырату үшін зертханада комплементті

байланыстыру реакциясы, геммаглютинацияны тежеу реакциясы талдауларын жасайды.

Аурудың алдын алу шаралары; үй жайларын жиі желдету және ылғал шүберекпен сүрту, науқастарды ерте, дер кезінде анықтау (балалар, жүкті әйелдер) және егу жұмыстарын жүргізу.

Қызылшаның алдын алу үшін уақтылы егу жұмыстарын жүргізу, үйде қызылшамен ауырған науқас болған жағдайда, онымен қарым-қатынасты шектеу қажет.

Қызылша жұқпасының адам ағзасына келтіретін зардабы орасан, сондықтан оның белгілерін көпшіліктің жақсы білу маңызды.

Сіз ен істей аласыз?

Қызылшаның дамуын байқаған сәтте кешіктірмей дәрігерге қаралу керек. Асқынбай тұрғандағы қызылшаның белгілерін емдеу үшін төсекте жату режимі, суды көп ішу, қызуын түсіретін, тұмау және тамақ ауруын, қақырықты түсіретін препараттар мен витаминдерді қабылдау. Ал қызылшаның асқынған түрін емдеу стационар жағдайында жүргізіледі.

Қызылшаның алдын алу.

Қызылшаның алдын алудың ең тиімді және сенімді әдісі вакцинация болып табылады. Қызылшадан егу вирусты жасанды жолмен тоқсату, нәтижесінде ағза өзін қорғайтын иммунитет жасайды. Кейбір балаларда егуден кейін 6 күннен 20 күнге дейін дене қызуы көтеріліп, кейде конъюнктивиттің және бөртпелердің пайда болуы байқалады. Бұл белгілер 2-3 күнге дейін сақталады, содан кейін бәрі жақсы болады. Қорықпаңыздар, бұл жағдайлар болуы мүмкін және олар қауіпті емес. Бірақ сонда да егуден кейін қандай да бір қабыну болса, міндетті түрде дәрігерге көріну керек. Ең алғашқы вакцинацияны балаларға 12 айлығында, екінші 6 жаста жасалады. Егу 15 жасқа дейін өте сенімді қорғауды қамтамасыз етеді.

Хаттама №3

Құмкент

01.02.2024 ж

Ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 15

Қатысканы: 13

Себеппісі: 2

Күн тәртібінде

1. Оқу жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі. Мониторинг
2. 8-наурыз- халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз- Ұлыстың ұлы күні
4. «Балаларды қалай жақсы көру керек?», «Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар.

ТЫҢДАЛДЫ

1. Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8- наурыз мерекесімен құттықтады. Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші Ж.Бижанова балалардың ІІ тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына карағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Такпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.
2. Топ тәрбиешілері ат-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы – наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті.
8- наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап костюмдер тігіліп жатқанын айтты.балалардың барлығы такпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкелініздер деп тапсырды.
22- наурыз –«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті.
Балалар такпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді. Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады.
Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.
3. Психолог Г.Абдуллаева «Балаларды қалай жақсы көру керек?», «Қарым-қатынас» сабақтары ата-аналар үшін практикалық ұсыныстар тақырыбында ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға жауап берді.

Шешім етті:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасау топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Балаларды ұлттық киімдермен киіндіру ата-аналарға жүктелсін.
3. Ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орнату барысында жұмыс жасау психолог Г.Абдуллаеваға жүктелсін.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



А.Жапенова

М. Абдраманова

Баланы құшақтаудың көптеген пайдасы бар, әрі бұл әрекет оның психикалық және физикалық дамуына жақсы әсер етеді. Төменде құшақтаудың пайдасын толық түсіндіретін бірнеше кеңес бар:

1. Эмоциялық қолдау көрсетіңіз

Баланы құшақтау оның өзін жақсы сезінуіне көмектеседі. Бұл балаларға махаббат пен қамқорлық сезімдерін береді, олардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандырады.

2. Қауіпсіздік сезімін нығайтыңыз

Бала құшақталған кезде қауіпсіздік сезімін сезінеді. Ата-анасының құшағы оның жанында екендігін және оны қорғап тұратынын білдіреді.

3. Стрессті азайтыңыз

Құшақтау балаға тыныштық әкеледі, ол стресс пен уайымнан арылуға көмектеседі. Бұл әсіресе бала күйзеліс немесе қорқыныш сезінгенде пайдалы.

4. Сенімділік пен өзін-өзі бағалауды арттырыңыз

Құшақтау арқылы бала өзіне деген сенімділікті арттырып, өзін бағалай бастайды. Ол өзінің маңызды және қадірлі екендігін сезінеді.

5. Қарым-қатынасты нығайтыңыз

Құшақтау – ата-анамен немесе қамқоршы адаммен арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл арақатынастың терең әрі сенімді болуына ықпал етеді.

6. Физикалық дамуды қолдау

Құшақтау кезінде баланың миында «окситоцин» деп аталатын гормон бөлінеді, ол денсаулығын жақсартуға, иммундық жүйесін күшейтуге және жалпы көңіл-күйін жақсартуға көмектеседі.

7. Әлеуметтік дағдыларды дамыту

Баланы құшақтау арқылы оның әлеуметтік байланыстары нығаяды. Балалар өзгелермен қарым-қатынаста болуды және махаббат көрсетуді үйренеді.

Күн сайын баланы құшақтап, оған көңіл бөлудің бұл пайдалы жақтары баланың жан дүниесіне әсер етіп, оны дұрыс бағытта тәрбиелеуге көмектеседі.

**«Балдырған-бөбекжай» бақшасы «Еркем-ай» кіші тобында
2023жылы 1-ақпанда топтық ата-аналар жиналысы.**

Хаттама №4

Құмкент

29.05.2024 ж

Ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 15

Қатысқаны: 13

Себептісі: 2

Күн тәртібінде

1. Оқу жұмысындағы III тоқсанныңдағы жетістігі, Мониторинг
2. Жазғы демалысқа дайындық
3. «Гүл шоғы» тренинг психолог Г.Абдуллаева

ТЫҢДАЛДЫ

1. Топ тәрбиешісі Ж.Бижанова ата-аналарды балалардың бір жыл бойғы алған білімдері туралы қорытындылады. Балалар балабақшадан көп нәрсені үйренді. Табиғатта өзін-өзі ұстау қарапайым мінез-құлық дағдыларын меңгерді, яғни көгалды таптамау, ағаш бұтағын сындырмау, гүлді жұлмау. Сөйлеу барысында әдептілік сақтайды. Өзінің сүйікті ертегілері мен әңгімелер айтады. Ересектердің сұрақтарына толық жауап береді. Үстел басында өзін-өзі ұстау қарапайым ережелерін орындайды. Жақын адамдарына көмектесіп, қол ұшын беруді үйренді. Ата-аналардың пікірі тыңдалды.
2. Топ тәрбиешісі М.Нұсқабаева ата-аналарға жазғы демалыс туралы айтты. Балабақша жазы күндері де жұмысын тоқтатпайды, жазда балалар көп уақытын серуендеуде өткізеді, сол себепті басына жазғы қалпақтары болсын. Жазда шынықтыру жұмыстары және іс-шаралар өткізіледі. Жазғы айларда балаларына демалыс алуларына да болатынын ескертті.
3. Психолог Г.Абдуллаева «Гүл шоғы» деп аталатын тренинг өткізді. Тренингте ата-аналарға гүл шоқтары таратылып берілді, ата-аналар өздерінің гүл шоғына балабақшаға деген тілектерін, алғыстарын жазып, оны тақтада тұрған құмыраға әкеп жапсырды. Ең соңында, ата-ана мен тәрбиешінің біріккен жұмысының нәтижесі ретінде үлкен бір «Гүл шоғы» пайда болды.

Шешім етті:

1. Балалар жазғы маусымға сай киіндірілсін.
2. Балалар балабақшадан себепсіз қалдырылмасын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



**А.Жапенова
М. Абдраманова**

Гүл шоғы

Мақсаты: Ата-аналармен жүргізілетін психологиялық тренинг балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, эмоциялық байланысты арттыру және отбасылық ортада психоэмоционалды қолдау көрсету мақсатында өткізіледі. Бұл тренинг арқылы ата-аналар өз балаларының ішкі әлемін түсініп, олармен байланысын жақсарту алады.

Тренингтің мақсаты:

Ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалды байланыс пен түсіністікті арттыру. Ата-аналардың баланың сезімдерін, қажеттіліктерін және қызығушылықтарын түсінуін дамыту. Отбасымен бірге шығармашылық жұмыс жасап, бірге уақыт өткізуді ынталандыру. Балалардың өзін-өзі бағалау, сенімділік сезімдерін арттыру.

Тренингтің құрылымы:

1. Таныстыру және мақсатты түсіндіру (5-10 минут)

Тренингтің басында қатысушылар бір-бірімен танысып, тренингтің мақсаты мен міндеттері түсіндіріледі. Тренер ата-аналарға бұл ойынның маңыздылығын және бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға қалай көмектесетінін айтады.

2. Эмоционалды көмек көрсету: «Гүл шоғы» ойыны (20-30 минут)

Бұл ойын арқылы ата-аналар мен балалар бірге шығармашылық жұмыс істейді. Ойынның мақсаты – бір-бірін тыңдап, өз сезімдерін ашық білдіре білу.

Ойынның барысы:

Әр ата-анаға және баласына түрлі түсті қағаздан, жапсырмадан немесе басқа шығармашылық материалдардан гүлдер жасау ұсынылады. Әр адам гүлге өз сезімдерін, ойларын жазып, оларды басқа адамға «сыйлау» керек.

Гүлдер дайын болғаннан кейін, әр бала мен ата-ана өз гүлін бір-біріне береді.

Олардың әрқайсысы гүлдің мағынасы мен өзінің сезімдерін түсіндіреді.

Психолог осы процесс кезінде ата-аналарға «баланың қажеттіліктерін қалай түсінесіз?» немесе «баланың сезімдерін қалай бағалайсыз?» деген сұрақтар арқылы өзара пікір алмасуды ұсынады.

3. Эмоциялық өзара байланыс: «Мен саған гүл сыйлаймын» (15-20 минут)

Бұл кезеңде әр бала мен ата-ана бір-біріне арнайы сөздер айтып, тілектерін білдіреді. Мысалы, бала ата-анасына «Мен сені жақсы көремін», «Сен мені әрдайым қолдайсың» деп айтады, ал ата-ана өз кезегінде баласына не үшін қуаныш пен мақтаныш сезімдерін сыйлайтынын білдіреді.

Қадамдар:

Ата-ана мен бала бір-біріне жақсы сөздер айтып, «гүл» ретінде сезімдерін білдіреді.

Балалар мен ата-аналар өзара қолдау көрсетеді, бір-бірінің сезімдері мен тілектеріне жауап береді.

Одан кейін тренер қатысушыларға бұл жаттығудың маңыздылығын түсіндіріп, қатысушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік береді.

4. Рефлексия және қорытынды (10-15 минут)

Тренингтің соңында қатысушыларға өз әсерлерін бөлісу ұсынылады. Тренер келесі сұрақтарды қоя алады:

«Сіз өз балаңызбен қаншалықты ашық сөйлесе алдыңыз?»

«Гүл шоғының сіздер үшін қандай маңызы болды?»

«Бұл жаттығу отбасылық қарым-қатынасыңызда қандай өзгерістер енгізуі мүмкін?» Ата-аналар мен балалар осы жаттығудан алған әсерлерімен бөліседі, өздеріне жаңа нәрселер үйренгендерін айтып, бір-біріне деген құрмет пен сүйіспеншілік туралы пікірлерін білдіреді.

Қорытынды:

«Гүл шоғы» тренингі ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалды байланысты нығайтуға, олардың бір-бірін түсінуіне және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мұндай тренингтер балалардың өзін-өзі бағалауын арттыруға, ата-аналарға баласының ішкі дүниесін түсінуге көмектеседі.